



Өз елім менің



16 қазанда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен өткен кеңесте ЭКСПО-2017 көрме кешенінің архитектуралық эскизі мақұлданды. Қазақстан павильоны киіз үйге ұқсайды. Бұл жобаның авторы-Адриан Смит бастаған сәулетшілер тобы. Қазақстанның елтаңбасы негізіндегі киіз үйдің шаңырағы аспан аясындағы күмбез ретінде айнала сәуле шашады. “Энергия әлемі”, “Тіршілік үшін энергия”, “Қолжетімді энергия”, “Менің болашақ энергиям” нысандары бой көтереді. Көрме кешенінің орталық ғимараты шар түріндегі әлемдегі ең үлкен ғимарат болады. Үш қабатты ғимараттың диаметрі 150 метрге жетеді. ЭКСПО-2017 көрмесін өткізу-беделімізді асқақтатар тағы бір үлкен шара болмақ.

Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!

Қазақ тілі-асылым

Қазақ тілі, ана тілім, асылым
Асқар тауым, шалқар көлім, белдерім.
Қыраның боп самғап мен де келемін.
Мәңгі бақи сені сүйіп өтемін.
Қазақ тілім-асылдардың асылы,
Қазақ тілім-ілім- білім тасқыны.
Оқушыны жетелейтін білімге,
Оқу сырын үйрететін біздерге.
Қазақ тілім-қазақ бол деп жетелейтін
алашын,
Білім шыңын, өмір сынын, ұқтыратын
барлығын.
Қазақ тілі-дана сөзі, ел сөзі
Қазынасы менің туған жерімнің.

Зере Нүрпейісқызы
8 сынып оқушысы

Алаштың ардақтылары



Халқына дана, еліне пана болған Абылай ханның туғанына 300 жыл. Абылай хан дәуірі-қазақтың қайта бір тұтасқан, ел аумағының бір қалпына келген кезеңі. Абылай қазақ халқының тұғыры берік, жұлдызы жарық ел болуын, осы қасиетті мақсатқа жету жолында аянбай күрескен аса көрнекті хан болғанына тарих куә.



**Қазақ поэзиясының
аққан жұлдызы-
Сұлтанмахмұт
Торайғыров
(120 жас)**

Қараңғы қазақ көгіне
Өрмелеп шығып күн болам!
Қараңғылықтың көгіне
Күн болмағанда, кім болам?!

Ер бар ма елі үшін жан қиятын,
Басшы бар ма етегіне ел сыятын?
Жанның бәрі өз ісін мақұлдайды,
Адам қайда сезетін ар-ұятын?

Балалар бағының бағбаны Мұзафар Әлімбаев-90 жаста



Қазақстанның Халық жазушысы. Балаларға арналған “Балдырған” журналын ұзақ жылдар бойы басқарған. Қазақ балалар әдебиетін дамытуға көп еңбек сіңірді. Ақын, прозашы, аудармашы, сыншы, жинақшы, ұйымдастырушы. Ортамызда жүрген қадірлі азамат.

Имандылық тұтқасы



“Қызалдақ”
қыз балалардың
сырласу бұрышы

Қыздарға тән ұлттық мәдениет сипаттары

Қазақ қызы идеалының алғашқы үлгісін, қыз сынына қатысты ең басты құндылықтарды, біз ұлы Абай жасаған қыз портретінен айқын көре аламыз. Қыз деген – басына үкі тағып, үлпілдеп өсіп, ерке күн кешкен бүлдіршін. Қыз деген ұғым алдымен жас мөлшеріне байланысты. Мысалы, Ғабит Мүсірепов “14-17 жастағы қыз-періште, 17-20 жастағы қыз бала - елес” дейді. Алпамыс жырында “жалғыз қыз Гүлбаршын – Он бесте толған ай еді” дейді. Мұрат ақын “Қыз бала сұлу көрінер, Жас он беске теңелсе” дейді. Есет Қараұлының “Алма мойын арудың Ажары кетер бетінен, Екі он бестен жасы өтсе” дегені бар. Демек, 15-25 арасындағы қызды сөз етудің мәні зор. Қыз тілі (қыздың сөйлеу әдебі) деген, сайып келгенде, қызға тән сөз бен сөйлеу және ым мен ишарат түріндегі атаулар, тек қана қыз балаға қатысты және солармен қарым-қатынаста қолданылатын сөз саптау әдебі. Қыздың қасиеті ар, намыс, ұятында!



Бетгі дайындаған: Маннап Фаризат

“Толағай”
ер балалардың
кеңесу бұрышы



Жігіт сыны: бір жігіт бар - құр жан, бір жігіт бар - тірі жан, бір жігіт бар - жігіт жан. Құр жан дейтін жігіт - кеудесінде жаны бар, еш нәрсені бітірмейді. Тірі жан дейтін - бар тапқанын киім мен асқа салар, қызыл белбеу, шоңқима етік, үкі тағып, әркімді бір сықақ қылар. Жігіт жан дейтін жігіт - сегіз қырлы, бір сырлы болар.



Шал Құлекеұлы

Ғибратты
аңгімелерді оқы,
көңілге тоқы!
Екі дос

Екі дос шөл далада жолаушылап келе жатады. Бір кезде сөзден сөз шығып, екеуі тартысып қалады. Біреуі ашуға қатты булығып, екіншісін қойып қалады. Досының ұрғаны жанына қатты батады, бірақ ләм-мим демей-ақ құмға былай деп жазып қояды: «Бүгін мені жан досым ұрды!» Екеуі көкорай шалғын жерге келгенше тоқтамай жүріп отырады. Суды сол жерден ішерміз деп келісіп алады. Бір кезде досынан таяқ жеген батпаққа аяғы кіріп шыға алмай қиналады. Тіпті түншығуға айналып, демі тарыла бастағанда, досы құтқарып қалады. Батпақтан құтылғаннан кейін, тастың үстіне ойып тұрып: «Бүгін мені жан досым, өлім аузынан құтқарып қалды», – деп жазады. Оны бұл жазуына таңырқаған жолдасы: – ұрған кезімде құмға жаздың, ал енді не үшін тасқа жазып жатырсың? – деп сұрайды. Сонда досы: – Біреу бізге жамандық жасаса, оны құмға жазғанымыз дұрыс, кешірім самалы оны өшіріп кетсін. Ал біреу жақсылық жасаса, оны тасқа ойып жазайық, оны ешқандай жел өшіре алмасын!

Гимназия жаңалықтары

Ұстаздар күніне арналған «**Ұстаз-ұлы есім**» тақырыбында мерекелік шара болып өтті. Шара барысында білім алушылар дублер сабақтар беріп, сүйікті ұстаздарына арналған мерекелік сазды бағдарлама ұсынды.



1 қазан қарттар күніне орай «**Қарты бар елдің –қазынасы бар**» тақырыбында мерекелік кездесу кеші болып өтті. Кештің қонақтары ардагер ұстаздар: Сүюндіков Егіз Досымұлы және Жақсылықова Шолпан Жайылханқызы, Кабулова Бибатпа Мутыгулақызы. Кеш барысында ардагерлерге арнап білім алушылар өлеңдер оқып, әндер мен билер жолдады. Ардагер ұстаздардың өмір жолдары туралы слайдтар көрсетіліп, ардагерлерден сұхбаттар алынды. Ардагер ұстаздар ризашылықтарын білдіріп, алғыс айтты.



31 қазан күні Қазақстан Республикасында алкогольді пайдаланудан бас тартудың ұлттық күніне байланысты Хромтау аудандық ішкі істер бөлімінің әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы полиция аға лейтенанты Н.Г.Даулетовна №6 Хромтау гимназиясының 10 сынып білім алушыларына «Біз ішімдікке қарсымыз!» тақырыбында баяндама оқыды. Іс-шара соңында Гүлдана Даулетовна білім алушыларды салауатты өмір сүруге шақырып, үгіт парақшаларын таратты.

Дәмді тағамдар әлемінде»

16 қазан - Дүниежүзілік дұрыс тамақтану күніне орай тәрбие сағаттары өткізілді. Осы орайда дәстүрлі «Дәмді тағамдар әлемінде» атты бастауыш сыныптар арасында сайыс өтті. Сайыстың мақсаты білім алушыларды салауатты, тиімді тамақтанып, салауатты өмір салтын ұстануға баулу. Жеңімпаздар гимназия директорының мақтау қағаздарымен марапатталды.



Балалар әдебиетінің атасы

29 қазан күні кітіпханашы Елеусизова Әлия Мұханбетқызы Қазақстанның Халық жазушысы Мұзафар Әлімбаевтың туғанына 90 жыл (29.10.1923) толуына орай танымдық кеш өткізді. Кешке қатысқан 4 сынып білім алушылары ақынның өмірі, өлеңдері туралы “М.Әлімбаев кім?” сұрағына мазмұнды жауап бере білді. Өлеңдерінің мазмұнын ашу мақсатында суреттер салды. Өз жұмыстарын қорғады. Кеш соңында білім алушылар алған әсерлерін қағаз беттеріне жазды.



Бетті дайындаған: **Күдреттілаев Ислам**

Ұша білген қанатқа дүние кең

Сүйінші!!! Құттықтаймыз!!!

Психолог Кушербаева Анарым «Үздік психолог» облыстық сайысында
I орын



№6 Хромтау гимназиясының 4«а»класс білім алушылары Сәулебеков Диас, Тойған Әсем, Самиғолла Рахат, Батырханова Аделя бастауыш класс оқушыларына арналған облыстық «Кішкентай білгірлер» олимпиадасына қатысты. Олимпиада нәтижесі бойынша I дәрежелі дипломмен марапатталды. Команда жетекшісі Биржанова Гулназ Сериковна.



Облыстық ғылыми жобалар сайысында 2 «а»сынып оқушысы Самат Томирис II орын

7а сынып білім алушысы Құдайбергенова Әйгерім II орын,
4ә сынып білім алушысы Батырханова Аделя жүлделі I орынға ие болды.



**Жүзден жүйрік,
мыңнан тұлпар**

Барлыбаев Мағжан XIY облыстық спартакиада бағдарламасы бойынша мектеп оқушылары арасында өткен тоғызқұмалақ жарысында жүлделі III орынға, облыстық жастар чемпионатында 18 жастағы ұлдар арасында жүлделі II орынға ие болып, республикалық сайысқа жолдама алды.

XIY облыстық спартакиада бағдарламасы бойынша мектеп оқушылары арасында өткен тоғызқұмалақ жарысында жүлделі III орынға Қалымбет Нұргүл ие болып, облыстық білім басқарма бастығының грамотасына ие болды.

XIY-ші аудандық үстел теннисі спартакиадасында гимназия командасы жүлделі II орынға ие болып, 9а сынып білім алушысы Хаджымұрат Ақан облыстық спартакиадаға жолдама алды.

16-17 қазан күндері ер балалар және қыз балалар командалары арасында баскетбол ойынынан жарыстар ұйымдастырылды.

I орын-1б,4а

Порын-2ә,3а

III орын-1ә,3ә.

**Бас редактор: Елеусизова Әлия
Мухамбетқызы**

Тарату бөлімі: "Құбылнама" клубы
871336-27-7-40 www.gimnaziya6.kz

Газет айына бір рет шығады.

Мекен жайы: Хромтау қаласы

Әуезов көшесі 12б

№6 Хромтау гимназиясы